

Құрастырған
Бақыт

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ						
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)						
Топ/сынып	Кіші топ					
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балбөбек					
Балалардың жасы	2 жасар балалар					
Педагогтің аты-жөні	Алиева С					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	03.07. - 07.07.2023ж.					
Апта күндері	Сенбі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың дене қызуын тексеріп қабылдау. Ата-аналармен тақырыбына әңгімелесу "Бала өміріндегі дәруменнің маңызы". Таңғы жиын: "Достық". Саған - мен дос боламын! Маған - сен дос боласың! Қол ұстасып тұрайық, Достық шеңбер құрайық! Күлімдесіп қарайық, Мәңгілік дос болайық! (Бір-бірінің қолынан ұстап, бір-біріне күлімдеп қарау). (сөйлеуді дамыту)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Қауіпсіз орындық". Мақсат-міндеттер: балаларға, орындықты қауіпсіз қалай дұрыс апарып және теңселтпей отыруды айту. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Біз орындықтырды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер: еңбек	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту. Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету. Мақсат-міндеттер: еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту.	Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар: балабақша ауласын жинау (қурап, түсіп жатқан жапырақтар). Мақсат-міндеттер: еңбекке қызығушылықты тудыру; ересектерге колқабыс етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауға тарту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)		

	дағдыларын дамытуды жалғастыру; жылдам, тапсырманы ұқыпты орындауға бейімдеу. (еңбек дағдылары)	Сұртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. (еңбек дағдылары)				
	Ойын: "Қандай тосап? Қандай шырын?" Максат-міндеттер: тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға Дана қыздың сұрақтарына жауап беруді ұсынады. Жалғауларды дұрыс қолдануды қадағалау қажет (таңқұрай тосабы, таңқұрай шырыны). (қоршаған ортамен таныстыру)	Әңгімелесу: "Дәрумендер - біздің достарымыз". Максат-міндеттер: пайдалы және зиянды тағамдар, адам денсаулығына пайдалы жемістер жайлы түсініктерін қалыптастыру. Тақпақтарды мәнерлеп айтуға арналған жаттығулар. Максат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: құлпынайдың суреті. Құлпынай. Піскен кезде құлпынай, Қандай әсем шіркін-ай! Қарай бергің келеді, Дүркін, дүркін, дүркін-ай. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Тақпақтарды мәнерлеп айтуға арналған жаттығулар. Максат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: шиенің суреті. "Шие". Мен шиемін, шиемін, Күннің көзін сүйемін. Қышқыл шырын менде бар, Төмен басты иемін. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы: "Қарақат". Максат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Өлең мазмұнына сай қимыл жасау. Қалсам егер тығылып, Қалың шөптің астында. Таба алар деп кім біліп, Жұрт көзінен қаштың ба? Торсиған бал уызға Кіп-кішкентай қарақат. Салып қояр ауызға, Болса егер бала тап. (С. Мәуленов) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		
Таңертеңгі жаттығу	Тыныс алу, релаксация, дыбыстау артикуляциясына жаттығу, ойындық уқалау элементтерімен таңғы жаттығу. Балаларға қарап, өлең оқиды: Қонжық келді қонаққа. Күліп ойнап, қорбаңдап, Ойынға ол шақырды, Балаларды қол бұлғап, Ой, балақай, балақай. Тату-тәтті балақай Ой, балақай, балақай Шынығамыз алақай! "Үлкен аю, кішкентай қонжық". Бастапқы қалып (б. қ.): Тік тұру, қолды төмен түсіру. Тәрбиеші: Қолымызды көтеріп, Аю қандай үлкен екенін көрсетейікші. Міне қандай! Қолды түсіреміз. Ал аюдың кішкентай қонжығы мынандай. 3 рет қайталау.					

	"Аю билейді". Б. қ.: Тік тұру, қолды төмен түсіру. Тәрбиеші.: Аюдың қалай билейтінін көрсетейік. Бір жаққа еңкейді және екінші жаққа, міне осындай көңілді аю. Қонжық балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады: Бір, екі, бір, екі, Көңілді адымдаймыз, Бір, екі, бір, екі, Аяқты көтеріміз! Былай, былай Аяқты көтеріміз, Осылай, осылай Көңілді жүреміз. Қонжық балаларды мақтайды: Ой, балақай, балақай. Тату-тәтті балақай Ой, балақай, балақай Шынығамыз алақай! (дене шынықтыру)					
Таңғы ас	Ойын жағдаяты: "Қуыршақ шомылады". Балалардың жуыну дағдыларын , жуыну құралдары және олардың қолданысы жайлы білімдерін дамыту, мәдени-гигиеналық дағдыларын, әрдайым таза, тиянақты, ұқыпты болу ниетін, өз денесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қасықты оң қолмен ұстау, асты ерінмен алу, оны кішкентай бөліктермен тістеп алу, алдыңғы тістермен емес, азу тістермен шайнау біліктіліктерін бекіту. Жаттамақтар оқу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Демалыс күндерін мен қалай өткіздім". Мақсат-міндеттер: тақырыбы бойынша сөздік қорларын молайту (демалыс күні, көңілді, тату, қызықты); қойылған сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Балабақшада өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау жайлы әңгімелесу. Шашылған ойыншықтар құлап, жарақат алудың себепшісі болуы мүмкін. Топтағы реттілік тек ғана тазалық үшін ғана емес, сондай-ақ қауіпсіздік үшін. Терезе алдына, үстелге және шкафқа шығуға болмайды. Егер ала алмасаң, тәрбиешіден көмек сұра. Топ ішінде, жатын және қабылдау бөлмесінде қауіпсіздікті ескеру: жүгіру өте қауіпті, жиһаздардың үшкір бұрыштары, басқа баламен соғылып, жарақат алудың себепшісі	Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!" Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Сәлем саған көк аспан! (Қолды жоғары көтеру) Сәлем саған күн нұры! (Екі қолды қосып, шеңбер жасау) Сәлем саған жер ана! (Қолды баяу түсіру) Сәлем саған, достарым! (Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді) (сөйлеуді дамыту, көркем	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		

		болуы мүмкін. (сөйлеуді дамыту)	әдебиет, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Біз дәмді тосап жегенді ұнатамыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жемістер мен жидектер" Мақсат-міндеттер: Балаларға жеміс-жидек туралы түсінік беруді жалғастыру, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету; қабылдауын, есте сақтау қабілеті, зейінін дамыту; жақындарына, достарына қамқорлық көрсетуге, бөлісе білуге тәрбиелеу.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қайнатпа" Мақсат-міндеттер: Балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту; каражидекпен таныстыру; ермексаздадан бөлшектерді үзіп алу, оларды екі алақанның ортасына салып, немесе саусақпен тактайшада есу. Банканың сыртына жидектерді жапсырғанда ұсақ қол маторикасын дамыту; ермексазбен жұмыс істеуде ұқыптылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Сенсорикадан ойын-жаттығу "Жидектерден алынған дәрумендер" Мақсат-міндеттер: Жидектер туралы түсінік қалыптастыру; жидектер мен олардан дайындалатын өнімдердің атауларымен таныстыру, олардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту.	Музыкадан ойын-жаттығу "Тәттіқұмарлар әлемі" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен	Жаз мезгіліндегі ағаштардың өзгеруін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштар жайлы түсініктерін бекіту. Жаз мезгіліндегі ағаштардың өзгеруін көрсету, гүл орнына жемістер шықты (шетен, мойыл). Жапырақтарының пішінінің әртүрлігіне назар аудару.	Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларда жәндіктер жайлы қарапайым түсініктерін дамыту. Қоныз-жүреді, ұшады, қызыл түсті, қара нүктелері, басында мұртшалары бар. Кішкентай тіршілік иесіне қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Қанқызды жапырақта, алақанға	Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жәндіктерді өзге тіршілік иелерінен ажыратуды үйретуді жалғастыру. Жәндіктер кішкентай, шөп арасында, жерде, ағаш қабығында өмір сүреді, шөппен, жапырақпен және өсімдік шырынымен қоректенеді.	Өтіп жазға киім киіп өтіп бара жатқан адамдарды және балалардың киімін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым киім-кешек элементтері жайлы түсініктерді қалыптастыру; сөздік қорларын молайту		

	“Капитан мен жолаушылар” сюжетті-рөлдік ойыны. Максат-міндеттер: капитанның кім екенін, оның кемеде қандай міндет атқаратынын айтып беру. Капитанды таңдап, өзенмен саяхатқа шығамыз. "Аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: ептілікті дамыту. Балалар араларды келтіреді, жүгіреді, қолдарын-қанаттарын сермеп, «ызылдайды». Ересектердің бірі «"ю" шығады да: - Аю қорбаңдап келеді, Аралардың балын әкетеді. Аралар, үйге! "Аралар" омартаға қарай ұшады, "Аю" қорбаңдап арттарынан барады. "Аралар" қанаттарын қағып, "аюды" қуалайды, "ұшып" одан қашады, "аю" оларды ұстайды. Еңбек тапсырмалары - ойын алаңындағы кепкен бұтақтар мен тастарды жинау. Максат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. Дербес ойын әрекеті. Максат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	салып бақылауға болады, оның қанатын жайып ұшып кетуін қарастыруға болады. Ұлғайтқыш әйнекті қолдануға болады. "Қорбаңбай аю" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша бір бағытта жүгіруге дағдыландыру; ережеге сай ойнауға бейімдеу; Балалар шеңбер құрып отырады, біреуі шеңбер ортасында. Ересек айтады: - Аю, аю келе ғой. Бізге билеп бере ғой. Біз шеңберге тұрайық, Көңілді ән салайық! Шапалақты ұрайық! "Аю" шеңбер ортасында билейді, балалар шапалақ ұрады. "Жүргізуші" сюжетті-рөлдік ойыны. Максат-міндеттер: балаларды "жүргізуші" рөлін сомдауға тарту; жүргізушіге тән қимылдарды жасауға баулу; кеңістікте бір-біріне соғылмай жүгіруге бейімдеу. Еңбек тапсырмалары - "үстел мен орындықтарды жуамыз". Максат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Максат-міндеттер: балаларды топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. Ойын барысы: - Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірледі барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Ересектер қол шапалақтайды, бала - "тышқан" "ініне" қашады, ал "мысық" оны қуалайды. Еңбек тапсырмалары - далаға шығарылатын ойыншықтарды жуу. Максат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Максат-міндеттер: балаларды педагог ұсынған желі бойынша ойнауға бейімдеу: сатушы мен сатып алушы жайлы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорды белсендіру; коммуникативті қабілеттерін дамыту. Құралдар: әртүрлі ойыншықтар, сатып алуға жетондар.	(көйлек, сарафан, майка, шорты, іш киім, шұлық, панамка); киім түсін сенсорлық қабылдауды дамыту (Қайратта сары майка, ал Айымда — қызыл сарафан). "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларды шеңбер құрып тұруды, оны кеңейте және кішірейте білуді, өз қимылдарын мәтін сөзіне сәйкестендіруді үйрету. Мөп-мөлдір көпіршік, Қалықта аспанда. Жарылмай ұша бер, Ешкімнен жасқанба! "Жидекті теріп алайық" ойын-жаттығуы. Максат-міндеттер: балаларды алдын-ала алаңға таратылып жайылған жидектердің кескіндерін сигнал бойынша қорапшаға жинауға тарту; зейінді, кеңістікті бағдарлау, бір-біріне бөгет болмай қимылдауға бейімдеу. Еңбек тапсырмалары - ойын жабындысын сыпыру, орындықтарды сүрту. Максат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. Дербес ойын әрекеті. Максат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі	
--	---	--	--	---	--

				бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.		
Серуеннен оралу	Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: сабын. Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.					
Түскі ас	Өз бетінше тамақ жеу біліктіліктерін жетілдіру, барлығын тауысып жеу, тағамды, оны ұртта қалдырмай жұту. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Майлықты қолдануды үйрету. Ойын жағдаяты: "Аю шаңышқымен жеуді қалай үйренді". "Аюға түскі асқа дастархан әзірлеуге көмектесеміз" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үстел басында әдептілік ережелеріне баулу. Өртүрлі жаттамақтар жаттату. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Күндізгі ұйқы	Ұйқытатпақ. Бүгін біздің аяғымыз былай деді: "Қатты шаршап аяғым, Жүргісі де келмейді. Күні бойы секіріп, Тіпті дамыл көрмейді. Қатты шаршап қалыпты, Демалсын екі аяғым. Тынығып-ап азырақ, Тағы жолға салайын!". Ұйқытар алдында киімдерін орындық басына ілу біліктіліктерін бекіту. Өртүрлі түймелеу түрлерін салуды үйретуді жалғастыру. (көркем әдебиет)					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	“Ұйқыдан кейінгі кешенді шынығу шаралары”. Ояну. Тәрбиеші қоңырауды сыңғырлатады: Сыңғырлаған қоңырау, Әркез жанымнан табылар. Қоңыраудың үнінен, Мен ояндым ақыры. Уақытымен үнемі, Жаттығамын жалықпай. Әнші "алтын қоңырау" Сыңғырлайды қалықтай!					

	Кешенді шынығу жаттығулары. “Марғаулар оянады”. (Балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары созып, бір бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар, Пырылдайды үнемі. Жайғасыпты кілемде, Оянғысы келмейді. Жалқауланба, марғауым, Қандай сенің таңдауың. Бойыңды жаз, керіліп, Қалғандайсың керіліп. Жеңіл уқалау. (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай уқалау, белді, арқаны, кеудені жазу.) Аяқ ұшымен жатын бөлмеде жүру. Керілдік, жылдам тұрдық, Аяқ ұшымен жүгірдік... “Денсаулық жолдарымен” жүру. “Топ, топ, топ”- адымдайды біздің аяқ. (дене шынықтыру)					
Бесін ас	Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. "Біз қолымызды қалай жуамыз?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қолды жуу дағдысын жетілдіру. Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұжымдық жапсыру. "Жидектер". Мақат-міндеттер: балалардың коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұсақ қол моторикасын дамыту; жидектер туралы түсініктерін тиянақтау. - Балалар, біздің себетте көптеген жидектер бар, ал сендер жидектерді өз орындарына орналастыра аласыңдар ма, олардың қайда өскенін, біз оларды қайдан жинағандарымызды естеріне сақтадыңдар ма? Балалар жидектер бейнеленген суреттерді, ватманда бейнеленген бұталар мен ағаштардың бұтақтарына жапсырады.	"Маймақ қоңыр аюлар" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалармен жидектерді теруді көрсету қимылдары ерекшеліктерін бекіту; жағымды эмоцияларды дамыту. Маймақ қоңыр аюлар, ("Қорбандап" жүру) Жидек іздеп келеді. Былай, былай қорбандап. Жидек іздеп келеді. (Қолды бүйірге қою – “себет”) Жидек теріп алады, Себетіне салады. Былай, былай еңкейіп. (Жидектерді теріп, «себетке» салған сыңай танытады) Себетіне салады. Тойып алған аюлар. (Іштерін сипау)	Апта тақырыбы бойынша сергіту сәті: "Жидектер". Мақсат-міндеттер: балалардың жидектер туралы ұғымдарын пысықтау, кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдар: жидектердің суреттері. - Балалар, қане шеңберге тұрып, баққа жидек жидектер теруге келгендей елестетейік. - Алдымен кішкентай бұталарда өсіп тұрған жидектерді: құлпынайды, бүлдіргенді тереміз. (Отырып, жидек тергенді көрсету.) - Ал қазір біз қарақат пен таңқурай өскен бұталарға келдік. (Екі жаққа еңкею, қолдарын жидек тергендей бұғу.)	"Жұмыртқанын ішінде не бар?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған заттар туралы түсініктерін тиянақтау, түйсік, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Себеттен жұмыртқа алып, ашып ішінде не бар екенін көр. Балалар пластик жұмыртқаны ашып, ішінен құс бейнеленген ойыншықты тауып алады. Балалар өз құстарын атап, егер өздері атай алмаса, ересектер атап, балаларға қайталауды ұсынады. (сенсорика)		

	Қорытынды: - Балалар, жидектер түстері бойынша қандай болады? Ал көлемі бойынша жидектер қандай болады? Жидектер дәмі бойынша қандай болады? Жидектер қайда өседі? (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)	Көңілденіп билейді Аяқ, қолын көтеріп, Былай, былай билейді (Бір орында айналу) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	- Ары қарай барамыз. (Шеңбер бойымен қозғалу.) - Міне, біз шие, мойыл, шырғанақ өскен үлкен ағаштарға келдік. (Аяқ ұшына тұру, қолды жоғары көтеріп, созылу.) - Ал енді біз қанша көп жидек тергенімізді көрсетейік. (Қолдарын екі жаққа созу.) - Жарайсыңдар, балалар! (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)		
Балалармен жеке жұмыс	"Неліктен беріле білу керек?" әңгімелесуі. Мақсат-міндеттер: балаларды жанжалдан аулақ болуға, бір-бірімен өзара келісе білуге үйрету, оң және теріс әрекеттерге деген өз қарым-қатынасын, көзқарасын бағалай білу қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Саусақпен сурет салу: "Құстарға арналған жидектер". Мақсат-міндеттер: балаларды дәстүрден тыс сурет салу техникасына бейімдеу; ой-қиялын, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. - Балалар, құстар ағаш бұталарында қалған жидектерді шоқып жеуді жақсы көреді. Қане, құстарға арнап көп жидектер салайық. Құралдары: бояу, төсеніш, сүлгілер, таза қағаз беттері. (сенсорика)	"Торғай" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары. Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Таңқурай. Жазда өседі таңқурай, Жемісін тер, қалдырмай, Апаң қақ та қайнатар, Қыста керек нәр мұндай. Тұмау тисе қыс күні, Көтерілсе ыстығың, Таңқурайдың қағымен, Ыстық шайды іш, күнім. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді қалай дұрыс, таза ұстау керек". Мақсат-міндеттер: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты	"Тілалғыш түймелер мен баулар". Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	"Біз серуенге қалай киінеміз". Мақсат-міндеттер: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	"Киіну, шешіну". Мақсат-міндеттер: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды	

	байқауға үйрету.			үйретуді жалғастыру.		
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)					
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Мектеп жасына дейінгі сәбидердің ұсақ қол моторикасын дамыту" тақырыбына ата-аналарға арналған сауалнама.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балаларды дұрыс қасық, қарындаш ұстауға үйрету".	Кеңес: "Балаларға қандай ертегі оқуға болады?"	Жаднама: "Сәбилерге арналған саусак жаттығулары".		

Құрастыру
Бақылау

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балбөбек				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кукекбаева Н				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.07. - 14.07.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Демалыс күнін балалармен қалай өткізуге болады" тақырыбына әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге назар аудару, егер топырақ құрғақ болса, су сепкіштің көмегімен өсімдіктерді суғару керек екенін ұғыну. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту. Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету. Мақсат-міндеттер: балалардың еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту. Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. (еңбек дағдылары)	Оқу қызметіне арналған құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындау. Мақсат-міндеттер: жүктелген тапсырмаға жауапкершілік танытуды дамыту, балаларды оқу қызметіне арналған құрал-жабдықтар мен материалдарды ұқыпты жинауды үйрету. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: балабақша ауласын қураған (ағаштан түскен) ұсақ бұталардан жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; ересектерге қолқобыс етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құрастыру бөлшектерін қорапқа жинау. конструктор қорапқа салынғанына назар аудару; егер олар шашылып жатса, қорапқа симайтыны екенін белгілеу. (еңбек дағдылары)
	"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау. Мақсат-міндеттер: тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін	Еліктеу ойындары: "Не бұл?". Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; артикуляцияны жетілдіру; жан-жануарлардың дыбыстарына еліктеуге машықтандыру.	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау орындық – Дем алуға отырдық. Мынау үстел, (сол қолды	"Шарды ұстап ал" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қосымша заттармен белгілі әрекеттер жасауға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын, ұқыптылықты, ептілікті дамыту. Су құйылған легенге кішкентай пластмасс	"Ойын-сауық саябағын құрастырамыз" құрылыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін дамытады. Ойын құралдары: "лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз "ойын-сауық саябағын" құрастыруды ұсынады.

	айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және т.б.). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Сабын көпіршіктері" ойын жаттығуы. Максат-міндеттер: балалардың тазалыққа тәрбиелеу; көркем сөзді жатқа айтуға қызығушылық тудыру. Түрлі-түсті көпіршік, Қалықтайды аспанда. Жарылады бір-бірілеп, Отпашулар шашқандай. Қандай ғажап тамаша, Көз тоймайды қараса! (сөйлеуді дамыту)	Балалар орындықтарға отырады. Тәрбиеші балалардан кезек-кезек, иттің үргенін, мысықтың мияулағанын, сиырдың мөңірегенін, қарғанын қарқылдағанын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) бейнелеуді (келтіруді) сұрайды. Егер балаларға тапсырманы орындау қиындық тудырса онда, ересектер көмектеседі. Ойынды біраз өзгерту. Балалардың біреуі аңның немесе құстың тек қана дауысын ғана емес, сондай-ақ оған тән қимыл-қозғалысты салып келтіреді. Әдетте қоянның секіргенін көрсеткісі келетіндер көп болады. Барлығы көрсетсін. Онда тек қана, кімнің ұзақ қоян болғанын және айнытпай келтіре білгенді анықтау керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	жұдырыққа түю, үстіңе оң қолдың жұдырығын қою) Асты іше біл. Анау тұрған төсек, (Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу) Ұйықтар орын білсек. Міне диван – жұп-жұмсақ, Отырамыз шаршасақ, (Қолдарды ішкі жақтарымен бір-біріне қосу) Мынау шкаф – қарасақ, (Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа "ашылады") Киім-кешек жинасақ. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	шарлар салынады. Балаға беріледі тұтқасы бар сүзгіш беріледі де, судан шарларды сүзіп алуды ұсынады. Балалар сүзіп алған шарларды салу үшін, екінші бос леген дайындаңыз. Сүмен ойын әрекетін ұйымдастыру үшін, дайындандар поролон губкалар, су сепкіштер, пластик ыдыстар, қақпақтар, стақандар, екі леген, алжапқыштар, орамалдар. (сенсорика)	(құрастыру)
Танертеңгі жаттығу	Шынықтыру мен дамытуға арналған кешенді жаттығулар: «Көңілді сылдырмақтар». Кұрал-жабдықтар: әр балаға 2 дана сылдырмақтан. Бізде бар қызықты ойыншық, — Бом-бом-бом, бом-бом-бом! оның аты — сылдырмақ, — Бом-бом-бом, бом-бом-бом! барлық бала ұнатады, Онымен бірге, Секіріп, жүгіруге! "Алдында ойнат". Б. қ.: аяқ сәл алшақ, сылдырмақ белде. Сылдырмақтар алдыда, сылдырлатып, қайта артқа қою. Еркін тыныстау. 4 рет қайталау. "Көрсетіп ойна". Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақ иықта. Оңға бұрылу, көрсету, ойнау, "міне" - деу. Б. қ. оралу. Дәл солай екінші жаққа. 2 реттен қайталау.				

	"Сылдырмақтар тізеде". Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақтар жанында. Алға еңкею, сылдырмақтар тізеде — дем шығару. Б. қ. оралу. 3-4 рет қайталау. Балалардың назарын алдыға еңкейген кезде, тізені бүкпеу керектігіне аудару. "Секіру". Б. қ.: аяқ сәл алшақ, салдырмақтар төмен түсірілген; 4-6 рет секіру; 4-6 рет сылдырмақтарды қағып адымдау. 2 рет қайталау. "Сылдырмақтар ұйықтайды". Б. қ.: аяқ алшақ, сылдырмақтар төмен түсірілген. Сылдырмақтарды екі жаққа, мұрынмен тыныстау. Б.қ оралу, ауызбен дем шығару. 2-3 рет қайталау. Соңғы жаттығуды орындағанда — жүресінен отыру, сылдырмақтарды бетке тигізу. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	"Үстел басындағы әдеп" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларда мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, үстел басында дұрыс отыруды, асхана құралдарын дұрыс қолдана білуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Біздің күлкіміз көңілді, Жеткізсін жылу мен шаттықты. Бөліскен жақсы ғой өмірде, Қуаныш, мейірім, бакытты. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Сәлемдесу: "Кел сәлемдесейік". Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; топтастарға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	"Сиқырлы сөздер". Мақсат-міндеттер: балаларды әдептілік ережелеріне баулу; жағымды көңіл-күйге бөленуге бейімдеу; әдептілік сезімдерін қалыптастыру. Көмек үшін алғыс білдіру, қоштасу және сәлемдесу. (сөйлеуді дамыту)	Сәлемдесу: "Күн". Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; күн объектісіне көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Өңгімелесейік (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Ой жинақтау сәті. Мақсат-міндеттер: балаларды татулыққа, бір-біріне жылы шыраймен қарауға тәрбиелеу. Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Жазда ойын-сауық ұйымдастырамыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды заттардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу ""Торғай мен тышқан" (орыс халық ертегісі)" Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру; өз ойын толық айтуға дағдыландыру; балалардың бойына еңбексүйгіштік,	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Күн көзімен ойнайық" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогті мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беру, сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру; сары	Сурет салудан ойын-жаттығу "Түрлі-түсті шарлар" Мақсат-міндеттер: Балаларды түрлі-түсті қарындаштармен сурет салуды үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттарды қарындашпен бояу	Музыкадан ойын-жаттығу "Би билейміз баршамыз" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

	аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.	досқа адал болу, шыншыл болу қасиетін сіңіру; ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту; татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	түсті тани білу қабілетін қалыптастыру.	дағдыларын бекіту, негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) жайлы білімдерін бекіту; сурет салуға қызығушылықтарын, ұсақ моторикаларын, қолдың қозғалыс координациясын дамыту; табандылыққа, ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Жаңбырды (ауа-райына қарай) немесе аспандағы бұлттарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: жаңбыр құбылысы жайында түсініктерді қалыптастыру; жаңбырдың аспанда сұр бұлттар жиналған кезінде пайда болатынын түсіндіру; найзағай сияқты құбылыспен таныстыру. Найзағай мен оның жақындағанын бақылау. Найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жаркылдайды. Жұмбақ. Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,	Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі құбылыстар: кемпірқосақпен таныстыруды жалғастыру. Кемпірқосақтың барлық түстері жайлы білімдерін бекіту. Балаларға жаңбырдан кейін кемпірқосақ шығатынын түсіндіру. Ол түрлі-түсті. Сендер кемпірқосақта қандай түстер көрдіңдер? (Қызыл, қызыл-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін). Кемпірқосақтың біртіндеп шығып, біртіндеп жоғалатынына назар аудару. Көркем сөз Жердің жүзі дірілдеп Жел дауылды сапырса. Төсін бұлттың тілімдеп, Қөк жалындар атылса. Көкте жасақ құрғандай Кемпірқосақ тартылар. Жақсылық күн туғандай,	Аққайыңды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жанды табиғатта болатын мезгілдік өзгерістермен таныстыру. Ағаштар: аққайың жайлы білімдерін бекіту. Жақын маңда қандай ағаштар өсетінін, олардың жаз келгелі қалай өзгергенін қарастыру. Аққайыңға назар аудару. Көркем сөз. Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп, Бұйра, жасыл шаштары да әрленіп. Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп, Шақырады көлеңкеме келші деп. "Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бір-біріне қақтығысып қалмай, сигнал	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға баулу. Балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. Көркем сөз. Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық.	Қарағайды бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жанды табиғатта болатын мезгілдік өзгерістермен таныстыру. Ағаштар: қарағай жайлы білімдерін бекіту. Қарағаймен таныстыру, инелерін қарастыру. Жапырақты ағаштармен салыстыру. Жұмбақ. Қыста да, көктемде де, Киімі бір түсте. (Қарағай) "Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда көру белгісі мен қимылды үйлестіре білу біліктіліктерін дамыту, секіруге жаттықтыру (орында тұрып секіру). "Мысық пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте ұжыммен бір-біріне жанаспай қозғала білу біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, бір орында тұрып биіктікке, жылдам жүгіру кезінде секіруге жаттықтыру.

	Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жанбыр, найзағай) "Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бір-біріне қақтығысып қалмай, бір бағытта жүгіруге дағдыландыру. "Өз түсінді тап" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау біліктіліктерін қалыптастыру, негізгі түстерін қабылдап ажыратуға бейімдеу. Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар.	Жайнап аспан жарқырап. (С. Мәуленов) "Сабалақ күшік (ит)" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір-бірін итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту. "Шұңқырдан шұңқырға" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқпен алға қарай жылжып отырып секіру біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, бір орында тұрып биіктікке, жылдам жүгіру кезінде секіруге жаттықтыру. Еңбек тапсырмасы: қурап түсіп қалған жапырақтарды жинау Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері.	бойынша бір бағытта жүгіруге үйрету. "Құлыншақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жаққа сигнал бойынша шашырап секіріп, жүгіріп жүруге ынталандыру; нұсқауларға зейінді болуға бейімдеу. Еңбек тапсырмасы: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі-түсті дөңгелектер, қалыптар, мөлшелер. Дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А. Еңбек тапсырмасы: орындықтардың үстінен құмды сыпыру. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету; зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; жүру және жүгіруде жаттықтыру. "Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері.	Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды қорапқа, құмнан тазалап, жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар.
Серуеннен оралу	"Біз тәртіпті сүйеміз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, киім мен аяқ киімді таза ұстауға, өз орнында сақтауға үйрету, не үшін тазалық пен реттілікті сақтау керектігін талқылау, киім-кешектерге деген ұқыптылықты қалыптастыру, белгілі реттілікпен киініп, шешінуді үйретуді жалғастыру, әртүрлі				

	түймелеу түрлерін қолдану біліктіліктерін бекіту.
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, нанды үгітпеу, ауызды жауып шайнау. Ересектерге алғыс білдіруді үйрету. Астың қасиеттері жайлы түсініктерін қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың атауларын бекіту. Көркем сөз. Қойдым астың дәмдісін, Тәбетін тез ашылсын. Қасықпен көр дәмін, Тауысып же бәрін! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы, сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. (сөйлеуді дамыту)
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	“Ұйқыдан кейінгі кешенді шынығу шаралары”. Ояну. Тәрбиеші қоңырауды сыңғырлатады: Сыңғырлаған қоңырау, Әркез жанымнан табылар. Қоңыраудың үнінен, Мен ояндым ақыры. Уақытымен үнемі, Жаттығамын жалықпай. Әнші "алтын қоңырау" Сыңғырлайды қалықтай! Көрпемен ойнау. (Балалар көрпенің астына 2-3 рет тығылады; қауіпсіздікті бақылау шарт.) Күшік келді абалап, Аты оның - Сабалақ! Кім шулайды айғайлап? Сол баланы ұстап, алмақ. Жеңіл уқалау (аяқты, қолды саусақтан жоғары қарай сипау, арқаны, кеудені жазу). Аяқ ұшымен жүру (жатын бөлмеден ойын бөлмесіне). Керілеміз, тұрамыз, Жүгіріп бой жазамыз... “Денсаулық жолдарымен” жүру. Мақсат-міндеттер: аяқ табанындағы қан айналымын ұлғайту. (дене шынықтыру)
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның

	жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Капитандар" тыныс алу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тыныс алу мүмкіндіктерін ұлғайту. Ұзақ тыныс шығаруға жаттықтыру. Су құйылған ыдыста қағаз қайықтар жүзіп жүреді. Балалар еріндерін түтік сияқты шығарып, қайық алға қарай жылжу үшін "ф" деп дыбыстайды. Одан кейін тәрбиеші қатты жел тұрғанын айтады, балалар оның күшін көрсету үшін "п" дыбысын айтады. (дене шынықтыру) "Үйшік" ертегісінің саусақ театры. Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; көркем сөз үлгілерін естіп, қайталауға бейімдеу. Алдын-ала жұмыс: "Үйшік" ертегісін оқу, ертегіні қою, "Үйшікте нелер тұрады?" дидактикалық ойыны, "Аңның" дене мүшелерін ата, үстел үсті театры «Үйшік», құрылыс материалдарынан үй құрастыру. (сенсорика, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Кірпі" музыкалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды музыка және сөздер ырғағына сай, мәтіндегі сөздердің мәніне сай қимылдауға, тақпақ сөздерін қайталауға машықтандыру. 1. Тікен, тікен түрпі, Болыпты бір кірпі, (Иә-иә-иә.) Өте қысқы қолы - (Хлоп, хлоп, хлоп.) Ине толған жоны - (Топ, топ, топ.) Секіруді білмепті, Өзі тіпті күлмепті Мінезі өте салмақты, Шапалақтай алмапты Тек мұрнымен үнемі, Пырс-пырс етіп жүреді. 2. Орманға кеп қояндар, (Иә-иә-иә.) Секіруді үйретті - (Иә-иә-иә.) Созып қысқа қолдарын Шапалақтап ойнатты - (Хлоп, хлоп, хлоп.) Әттең, бірақ кірпілер, Пысылдауын қоймапты. (Пырс-пырс-пырс.) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Н. Әлімқұловтың "Ойыншықтар" өлеңін драматизациялау. Мақсат-міндеттер: балалармен өлең жолдарын еске түсіру; өлеңнің бір шумағын есте сақтауға көмектесу; тәрбиешінің өлең оқу кезінде балалардың сөздерді (жарты дауыста) қайталау талпыныстарын ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі қарым-қатынас орнатуға машықтандыру. Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру. Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)	"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. 1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою. 2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру. 3. Қол шапалақтау. 4. Екі аяқпен секіру. 5. Айналу. 6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату. 7. Сылдырмақпен билеу. Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру. (музыка)

Балалармен жеке жұмыс	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлеңнің мағынасын түсініп, жанашырлық сезімін дамыту; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. А. Сопыбеков, "Қуыршақ". (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Мысық" арнау өлеңін жаттау. Мақсат-міндеттер: балалардың тапқақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Мысық отыр, Ұйқысы әбден қысып отыр. Май берейін, Шайнап отыр. Тышқан берейін. Ойнап отыр! (Халық ауыз әдебиеті) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ойыншық мысықпен ойнау. Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөзді тыңдауды бейімдеу, мысықтың мінез-құлқын бақылау, тәрбиешінің қимылын қайталау. Тікірейіп құлағы, Жолға келіп тұрады. Тәй-тәй басқан Сүрініп кеп құлады. Жолға отырма мысығым, Екі көзім қысығым. Өтіп кетсін бөгелмей, Балапаным-бұзығым. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Сурет құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: 3-4 бөліктен сурет құрастыруды үйрету. (танымдық дағды) "Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.) Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу. Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді. Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, сол тасқа дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.) (дене шынықтыру)	"Үлкен және кішкентай" дидактикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: әртүрлі көлемді, бір текті бұйымдарды екі топқа: үлкен, кішкентай бөліп орналастыруды үйрету. (сенсорика)	"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: әртүрлі ыдыстар жайлы білімдерін бекіту, ыдыстарды қолданысы бойынша дұрыс пайдалану біліктіліктерін қалыптастыру. Тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. Киімдердің атауы жайлы білімдерін бекіту. Балаларда белгілі реттілікпен дұрыс шешініп, киімдерін бүктеу дағдыларын бекіту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)
Серуенге дайындық	"Біз серуенге қалай киінеміз". Мақсаты: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	"Киіну, шешіну". Мақсаты: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін	"Тіталғыш түймелер мен баулар". Мақсаты: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету,	Жапсырғыш тағындыларды тағу, ағыту дағдыларын қалыптастыру, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру. Аяқ киімді кию дағдысын	Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында: -ойын шартын мұқият тыңда; -ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; -белгіленген жерде ғана ойна;

		қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.	түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	қалыптастыру, ересектердің көмегімен түймені тағу, киімді шкафқа ілу. Шешіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру.	-лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; -белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; -ойын кезінде бір-бірінді итерме.
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес: "Жолдағы қауіпсіздік". "Серуен - өте маңызды!" ата-аналарға арналған жадынамасы.	Кеңес: "Түстерді үйрену өте оңай және көңілді".	Ата-аналармен әңгімелесу: «Егер бала төбелессе...» .	Кеңес: "Жолдағы қауіпсіздік". "Балаларға арналған жазғы аула ойындары" ата-аналарға арналған жадынамасы.	Кеңес: "Жаз мезгіліндегі демалыста балалармен ойындар".

Құрастырған
Бақыт

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балбөбек				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Алиева С				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.07. - 21.07.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуен алдында ойыншықтарды жинау; топырақтарды, тастарды шелекке жинау, оларды белгіленген жерге апару. Құмды құмсалғышқа жинау. Құмсалғыштың жақтауындағы құмды сыпыру. Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп". (Тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп) Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім-кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл бөлу, егер топырақ құрғақ болса, су сепкішті қолданып өсімдіктерді суғару керектігіне назар аудару. Мақсат-міндеттер: байқағыштыққа баулу; қарапайым еңбек дағдыларын игеруге мүмкіндік жасау. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету; еңбек дағдыларын қалыптастыру. (еңбек дағдылары)
	Саусақ жаттығуы: "Кел санайық". Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту. 1 дегенде тұрайық, (Саусақтарды ашып-жабу) 2, 3, 4 – алақанды соғайық,	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеу қабілетін, тағамдар туралы ұғымдарын қалыптастыру; жағымды эмоцияларды	Саусақ жаттығуы: "Бес саусақ". Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	"Көгөністер дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністер, көгөністерді сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру;	"Дәрумендер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі.

	(Қол шапалақтау) Оң жаққа бұрылып, (Алақанды оңға, солға бұру) Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, (Өр саусақты бұғу) Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	дамыту. Көркем сөз Дайын болды тамағым, Алдымда тұр табағым. Пияз, картоп, күрішім, Салдым аскөк, бұрышын. Дәмді болып пісті, Ауызға келіп түсті! (Д. Қ Бұланбаева) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Үстел үсті–баспа ойыны: "Лото "Көгөністер"". Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым үстел үсті баспа ойындарының ережелерін меңгеруге, ойын шартына бағынуға деген ұмтылыстарын ынталандыру. (сенсорика)	Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар қимылды қайталайды. Балалардың сөйлеу және ақыл-ой дамуын ынталандырады. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер? Балалар: - Көкөністер сатып алуға. Сатушы: - Менің дүкенім сикырлы, себебі көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсындар ма? Жұмбақтар. Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ) Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау) Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кең ашу) Бірінші қиярды жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлған сыңай таныту) Дөп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау) Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу) Сәбізім ұзын, Қызыл-сары түсін. (Қолды жоғары көтеріп, отыру) Барлығын жинаймыз, Себетке саламыз. (Қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Таңертеңгі жаттығу	Апта тақырыбы бойынша таңғы жаттығу "Шалқан". "Бір ата мен әжеде бакшалары болыпты". (Бірінің артынан бірі жүру). "Күндердің бірінде ата шалқан егеді". (Өкше сыртымен жүру). "Дәл сол күні ауа-райы тамаша, шуақты болды. Құстар сайрап тұрды". (Алдыға секіріп, қолдарын көтереді). "Бір мезгілде жаңбыр себелейді". (Аяқтың ұшымен жүріп, қолдарын сермиді). "Ата үйіне қарай жүгіреді". (Жүгіреді, Қолдарын біріктіріп, бастарына қояды да "шатыр", жүгіреді). Аяқтарын алшақ қояды, қолдарын төмен түсіреді. Иықтарын көтеріп, қолдарын сермиді. "Ата шалқан отырғызайын десе, күректі таба алмайды". Қоларын біріктіріп "кұлып", аяқтарын иық көлемінде алшақ қояды. Алдыға еңкейеді. Денелерін түзеп, маңдайларынан терілерін сүрткендей сынай танытады. "Шалқан үлкен болып өседі, тіпті ірі десе болады. Ата оны жерден суырмақшы болады, бірақ шамасы жетпейді". Аяқтарын иық көлемінде алшақ қояды. Қолдарын шыңтақтарына қояды. Оңға, солға еңкейеді. "Ата көмекшілерін шақырады: апаны, немере қызын, итін, мысығын шақырады және тышқан келеді". Екі аяқтарын қосып секіреді. Қолдарын жоғары көтеріп шапалақтайды.				

	"Міне шалқанды да суырып алды!" Бір-бірінің артынан тізбектеліп жүреді. Жүгіреді. Ақырын жүреді. "Олар барлығы үйлеріне барып шалқанды пісіріп жейді де, кейін әр кім өз үйіне тарайды". (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Көгөністер" жайлы әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: көгөністер жайлы жалпылама түсініктерін қалыптастыру (көкөністер — ол өсімдіктің бір бөлігі мен жемісі, оларды тағамға пайдалану үшін бақшада өсіреді); көгөністердің алуандығы жайлы түсініктерін нақтылау. Құралдары: көгөністер салынған суреттер; көгөністердің нақпіншіндері. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Көркем сөз. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер жайында түсініктерін нығайту; денсаулықты сақтау қағидаларын қалыптастыру. Жеңдер күнде дәрумендер, Денсаулыққа пайдалы. Сонда барлық ауру сырқау, Жоламайды барлығы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Сәлемдесу шеңбері. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Сәлем, алақан! (Қолды созу, алақанды сыртқа, ішке бұру.) Хлоп-хлоп-хлоп! (Үш рет алақан соғу.) Сәлем, аяқ! (Орында адымдау.) Топ-топ-топ! Сәлем, көздер! (Көзді ашып, жұму.) Миг-миг-миг! Сәлем, мұрным! (Саусақтарын мұрын ұшына тигізу.) Бип-бип-бип! Сәлем, достар! (Қол бұлау.) Сәлеметсіңдер ме! (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	"Көгөністер" тақырыбына суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер жайлы білімдерін кеңейту. Көркем сөз. Тиін келіп отырды, Дастарханның басына. Тамағымен ойнады, Нанды қылды ысырап. Ойнамандар тамақпен, Ас ішіндер әдеппен. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)	«Көгөністің түсі қандай?» ойыны. Мақсат-міндеттер: түстерді ажырату және дұрыс атау іскерліктерін дамыту. - Балалар, қане (әжеге) көгөністерді тарелкаларға бөліп салуға көмектесейік. Әр көгөністің өз тарелкасы бар. Жасыл қиярдың тарелкасы да жасыл. Жасыл түсті көгөністерді тауып, тарелкаға салыңдар. Қызанақтың тарелкасы қызыл ... Құралдар: түрлі түсті тарелкалар; көгөністер нақпіншіндері. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)
Білім беру ұйымының кестесі	Дене шынықтырудан	Сөйлеуді дамытудан ойын-	Жапсырудан ойын-	Құрастырудан ойын-	Музыкадан ойын-жаттығу

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	ойын-жаттығу "Көгөністер - денсаулық кепілі" Максат-міндеттер: Балаларды заттардың үстінен аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; заттардың үстінен аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділіктерін арттыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыруды жалғастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыта отырып, заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру.	жаттығу "Қуыршақ Дана бізде қонақта" Максат-міндеттер: Көгөністерді ұстап, сипап анықтауға, оларға сипаттама беру, сипаттау кезінде 5-6 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету; ұйымшылдыққа баулу; дидактикалық ойындарды арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту, сезіну және есту қабілеттерін дамыту; балаларды айналасындағыларға көмектесуге, бір-бірімен қарым-қатынас кезінде қамқоршы болуға дағдыландыру.	жаттығу "Тәрелкедегі кияр мен қызанақ" Максат-міндеттер: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін, жалпы және ұсақ моторикаларын дамыту. Балаларды дайын формаларға желім жағып жапсыруды үйрету. Көгөністер туралы балалардың білімдерін жетілдіру және толықтыру, көкөністерді жемістерден ажырата білуге үйрету. Көгөністерді жапсыру кезінде желім мен майлықты мұқият қолдану қабілетін дамыту. тәрбиелеу. Өздігінен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	жаттығу "Көгөністер арналған себет" Максат-міндеттер: Балаларды «көгөністер», «егін жинау» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру, олардың негізгі сипаттамалары (пішіні, түсі) туралы білімдерін бекіту, құрастыруға деген қызығушылықты қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	"Витаминдер әлемі" Максат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Гүлзар мен бақшадағы жұмысты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: балаларды гүлзар мен бақшадағы тұқымдарды егу ережелерімен таныстыру; ересектердің еңбегін құрметпен қарауға баулу. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларды белгілер	Шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін дамыту. Шыршаға таңдану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу. Көркем сөз. Шырша, шырша,	Ақ бақбақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: балалардың бақбақтың гүлдеуі жайлы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Гүлдің ұшқан үлпілдек бастарына тамсану ниетін ояту, қызықты құбылысқа (бақбаққа үрлеп, үлпілдектерді ұшыру) эмоционалды жауап беруге жетелеу. Жұмбақ жасыру: "Сап-сары дөңгелек, ал енді ақ	Жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: жана бөлме өсімдігі жайлы түсінік беру, оның құрылымы (сабағы, жапырағы, гүлі), оларға күтім жасаудың қажеттілігі (суғару, көпситу, шаңын сүрту). Құрал-жабдықтар: бальзамин, «сиқырлы түтікшелер», «Қанқыздың саяхаты» дидактикалық	Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер: көбелектің бірнеше түрін ажыратуды үйрету (капустница); қоршаған әлем жайында түсініктерді тиянақтау. Көбелектің қанатында табиғат жаратылысындағы өте әдемі өрнектер бейнеленген. Бірақ көбелектерді қанатынан ұстауға болмайды, себебі олардың беттерін нәзік тозаң басып жатады, оны өшіру өте оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды. Балаларға түсіндіру көбелектердің жұмыртқа салатынын, артынан ол жұлдызқұртқа айналып, өсімдік жапырағын жеп

	бойынша бір-біріне соғылмай жан-жаққа шашырап жүруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; жүгіруге үйрету, ойын шарты бұзбауға бейімдеу. "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: дәрігердің еңбегі жайындағы түсініктерін пысықтау; рөлдерді бөліну, алмастыру, заттарын пайдалана білу іскерліктерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: құмды құм салғышқа жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: әртүрлі гүлдердің тұқымын қарастыру. Гүлзар ішіне гүл тұқымын егуді ұсыну. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу. Шығарылған материалмен еркін ойындар. Мақсат-міндеттер: ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	шыршамыз, Ұнатамыз баршамыз. Мереке қарсаңында, Төрімізде тұрсаңыз. Мәңгі жасыл көркемім, Өсе берші көркейіп. Неткен әсем, асылсың, Жыл бойына жасылсың! (Д. Қ. Бұланбаева) Балаларға шыршада жапырақтардың орнына инелердің болған себебін түсіндіру; шырша инесі мен терек жапырағын көрсетіп, салыстыруға мүмкіндіктер жасау. Шырша маңында ойыншықтармен жасырынбақ ойнауды ұсыну. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге жиналып, бойымен мәтіндегі сөздерге сай қимылдауға бейімдеу; ұйымшылдық негіздерін салу. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. "Шыршадан да биік болып өсейік" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бір орнында тұрып, биіктікке созылып секіру дағдыларын дамыту; балалардың вестибуляр аппаратын дамыту, күш-жигерін	үлгілдек". “Мысық пен торғайлар” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын шарты, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; ойын кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге деген қызығушылықты тудыру. Құмда шеңбер сызу. Шеңбер ортасында мысық. Балалар торғайлар. Торғайлар шеңбер сыртында секіріп, мазактап, мысық көрмей тұрған кезде шеңберге ұшып кіреді де, мысыққа ұстатпауға тырысады. Мысық үш торғайды ұстаған кезде, мысық рөлі басқа балаға беріледі. “Құрылысшылар” сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалаларға құрылысшы мамандығы жайлы айту. Құмнан, тастан, құрғақ бұтақтардан қалай үй салуға болатынын көрсету. Балаларға өздеріне үй құрастыруды ұсыну. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: бақшаны шөптеу. Кішкентай тырмамен қопсыту. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына бейімдеу; ересектің еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.	ойынына қажет құралдар (гүлдің және қанқыздың жіпте бейнеленген карточка). Балаларға жаңа өсімдікті көрсету, оның атауын хабарлау (алауша немесе бальзамин). Оны қарастыру. "Қанқыздың саяхаты" дидактикалық ойыны. (Балалар жіптегі қанқызды алып, карточкадағы гүлмен жүргізеді.) Мақсат-міндеттер: өсімдіктер жайында түсініктерін пысықтау. Жәндік сабағымен жүреді (балалар көрсетеді), жапырақпен, гүлмен». Кейін балалар шынайы өсімдікке келеді. Сұрақтар: - Гүлдің (өсімдіктердің) қандай бөліктері бар? Сабақтары ұзын ба, әлде қысқа ма? Жапырақтар қандай түсті? Олар көп пе? Гүлдері бар ма? Олар қандай түсті? Өсімдік қалай аталады? - Сендер білесіңдер ме, гүл ұзақ уақыт әдемі болып, құрамау үшін не істеу керек? Еңбекке баулуға арналған тапсырма: өсімдіктерді су сепкішпен суару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Топырақтың барлығы суланатындай, ал тамырларын су шайып кетпейтіндей абайлап суғару	жоятынын түсіндіру. Кейін жұлдызқұрттар өздерінің құрсақ бөлігінен бөлінетін жіппен орап, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтан қайта көбелек пайда болады. Көркем сөз Көк көйлек, көк көбелек Көздері дөп дөңгелек Гүл көрсе күлімдейді Қолыма ілінбейді Көк шөптің арасынан Түр-түсі білінбейді. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. "Қапта не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды таныс заттарды атауға жаттықтыру. Дене шынықтыру тәрбиесі бойынша жеке жұмыс: допты жоғары күнге қарай лақтырып, ұстап алу. Мақсаты: көзбен мөлшерлеуді, ептілікті дамыту. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын алаңын тазарту. Мақсат-міндеттер: бірігіп еңбектенуге, ортақ күш-жігермен мақсаттың орындалуына қол жеткізу үйрету. Балалардың дербес әрекеті.
--	---	---	---	---	---

		ұлғайту. Жаттығудың неғұрлым қызықты өтуі үшін, балаларға қолдарын жоғары созып секіруді ұсыну. Еңбек тапсырмасы: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.		керектігін еске салу. - Балалар, жердің дымқыл немесе құрғақ екенін қалай білуге болады? - Қараңдаршы, біз оны суарып едік, топырақ кара болып кетті. Оны ұстап салқын, дымқыл екенін білуге болады. Ендеше, суару қажеттілігін топырақты ұстап анықтауға болады. "Көбелекті гүлге қондыр" ойыны. Мақсат-міндеттер:: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер мен гүлдердің қағаздан кескіндері. "Өз түсінді тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың түстер жайындағы біліктіліктерін қалыптастыру; кеңістікті бағдарлау, спектрдің негізгі түстерін ажыратуға бейімдеу.	
Серуеннен оралу	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." тапқақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. (мәдени-гигиеналық дағдыалар)				
Түскі ас	Көркем сөз. Қасық, нанды алайық, Ауқаттанып алайық.				

	Мәдени–гигиеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану кезіндегі қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; балаларды өз бетімен ұқыпты тамақтануды үйрету, тамақты мұқият шайнау, қасықты оң қолда ұстау, майлықты пайдалану. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы,сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. (сөйлеуді дамыту)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Тақпақ-оятпақ: "Әтеш". Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" -б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді"- б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді"- б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" -б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбы бойынша иллюстрациялар қарастыру және сол бойынша әңгімелесу. "Біз қолымызды қалай жуамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қолды жуу дағдыларын жетілдіру. Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — наукас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару. (сөйлеуді дамыту,	"Ресторан" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: асхана құралдарын, бірінші, екінші асты атауды үйрету; тамақтану мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру. Балалардың сабын көпіршіктерімен ойындары. Мақсат-міндеттер: ұзақ тыныстауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)	"Шалқан" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттер: балалардың эмоционалдылығын дамыту, ертегілерге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, мазмұнын тыңдауды және түсінуді үйрену, шығармашылық қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Дамытушылық ойын жағдаят: "Көгөністер, жемістер, жидектер". Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністердің кейбірі	"Көкөністер дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттер: көгөністер туралы түсініктерді нығайту; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер не үшін келдіңдер? (Көгөністер сатып алуға.) - Менің дүкенім сиқырлы, көгөністерді тек дұрыс жауаптар үшін ғана сатып алаласындар. Жұмбақ шешуге дайынсындар ма? Жұмбақтар. Доптар жатыр желісі бар,	"Бақшадағы көгөністер" суреттер көрмесі. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністерді баптау, күту және жинау туралы түсініктерін тиянақтау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Жануарларды тамақтандырайық" рөлді ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларын күту амаларымен таныстыру; көкөністердің, үй жануарларының атауларын пысықтау; коммукативтік қабілеттерді дамыту. - Балалар, ауылдағы атаның үйінде әртүрлі жануарлар бар. Қане, қандай жануарлар бар екенін көрейікші.

	қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)		бақшада көрініп тұрса, кейбірін жапырақтар арасынан іздеу керектігін көрсету; балаларға көгөністерді зерттеуді ұсыну: сипап көру (шалқан-майда, қияр-бұдыр), басып көру (қатты), дәмін татып көру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ) Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалар қораптың ішінен үй жануарларын алып шығады да, қалай дыбыстайтынын келтіреді. Үй жануарларын көкөністермен тамақтандырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)
Балалармен жеке жұмыс	"Көгөністер" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністердің нақпішіндерін (муляждарды) сипату арқылы түйсігін дамыту, атауға, сыртқы ерекшеліктері бойынша ажыратуға, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақпішіндері (муляждары). - Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Д. Ахметова. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	"Қоянды үйрет" (артикуляцияны дамыту) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың артикуляциясын, есту, есте сақтау, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларға қоянға көмектесуді – оны үйретуді ұсыну: А) Ауызды ашу: - Қоян, ауызынды аш, Былай! Былай! Б) тістерін көрсету: - Қоян, тістеріңді көрсет! Былай! Былай! В) Тілді көрсету: - Қоян, тістеріңді көрсет! Былай! Былай! Г) Сәбізді тістеу: - Сәбізді же! Ап! Ап! Ап! Д) Ерінді жалау: - Қоян бүкіл сәбізді жеп алды. Оған дәмде сәбіз өте ұнады. Ол ернін жалай бастады. Былай! Былай! Ал балалар еріндерін майлықпен сүртеді. - Рақмет! – деді де қоян,	"Бұл не?" (көгөністер, сөз тіркесі) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер туралы ұғымдарын жетілдіру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларға қонаққа әже келіп, себет алып келеді. - Қарандаршы, әже бақшада не өсіріпті. (Балаларға себеттегі көгөністерді көрсету.) - Бұл не? (Бұл көгөністер.) Балаларға себеттен бір-бір көгөністен алып, оларды атауды ұсыну. - Әже оларды базарға апарып сатады. Ал біз барып, сатып аламыз. Құралдары: көгөністердің муляждары, себет, әженің суреті. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	"Базарда" (көгөністер, сөз тіркесі) ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер туралы ұғымдарын жетілдіру; коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Себеттерді аламыз. Жолға түсіп жүреміз, Базарға да жетеміз. Сөреге қарай ғой, Көгөністер ала ғой! - Мұқият қарап, айтындаршы, базарда қандай көгөністер сатылып жатыр? - Камила, саған не берейін? (Маған шалқан беріңіз (қияр, қызанақ, сәбіз).) (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Сықырлы сөздер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларда әдептілікті қалыптастыру (көмекке алғыс білдіру, қоштасу және сәлемдесу). "Не сатып алдың?" ойыны (көкөністер, сөз тіркесі). Қолымда себетім. Үйге қарай келемін. Базарға бардым, Көкөніс алдым. - Камила, сен не сатып алдың? (Мен шалқан сатып алдым.) - Арсен, сен не сатып алдың? (Мен қызанақ сатып алдым.) т.с.с. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)

		орманға қашып кетті. Әр жаттығуды 3 рет қайталап орындау. (сөйлеуді дамыту)			
Серуенге дайындық	"Тілалғыш түймелер мен баулар". Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз". Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	"Киіну, шешіну". Мақсат-міндеттер: түймені тағу және ағыту, жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.	Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.	"Киім-кешектер мен аяқ киімді қалай дұрыс, таза ұстау керек". Мақсат-міндеттер: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, "тиянақтылық", "ұқыптылық" түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауға үйрету.
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері)				

	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес: "Баланың жазғы тамақтануы".	"Бала еркелігін қалай жеңуге болады" тақырыбына кеңес.	"Бала мен компьютер" тақырыбына кеңес.	Ата-аналарға "Деніміз сау болып өсеміз" тақырыбына коллаж әзірлеуді ұсыну, күн тәртібі жайлы әңгімелесу.	"Денсаулық - зор байлық" тақырыбына кеңес.

Құрастырған
Бақыт

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балбөбек				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кукекбаева Н				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.07. - 28.07.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Біз жинақылықты қалай сақтаймыз". Мақсат-міндеттер: топтағы ретсіздікті байқауды үйрету. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: дымқыл шүберекпен орындықтың шаңын сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескедегі бұтақтарды жинаймыз. Мақсат-міндеттер: қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. (еңбек дағдылары)	Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру: ойын бұрышындағы өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудару, оларды атап, орындарына жинау. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулуға арналған тапсырма: табиғат бұрышындағы, бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру, өсімдіктерге күтім жасау. (еңбек дағдылары)
	"Гүл құра" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: ұзақ бөліктерден тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Тәрбиеші тактаға бір өсімдіктің бейнесін жапсырады. Оның бөліктерін атайды, көрсетеді: сабағы, жапырағы гүлі. Артынан әр бала өз	Ойын жаттығуы "Гүлдер". Мақсат-міндеттер: балаларды ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Гүлім, гүлім, өсе бер, (Екі қолды жоғары көтеру) Әдемі боп, асыл боп. (Қолдарын екі жаққа бұлғау) Күндей жайнап кете бер,	Текшелермен ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды текшелердің қасиеттерін тануға мүмкіндіктер жасау, түрлі құрылыстарды қалауға ынталандыру. Менде түрлі-түсті текшелер бар. - Балалар, қараңдаршы, мына текшелерден қандай гүлдер құрастыруға болады? Өз қалауларын бойынша гүл	"Суретті құра" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ бөліктерден (2-4) тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; жазықты бағдарлау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балалар, сендерге жұпқа бөлініп, қиынды суретті құрап, гүлді атау керек. (сенсорика)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Гүлдер нәзік болады, (Саусақтарды баяу ашу) Қаулап өсіп толады. (Қолдарын үстіге созып, бұлғайды) Қарамасаң аялап, Солып, қурап қалады.(Саусақтарын баяу жабу) (сөйлеуді дамыту, сенсорика)

	гүлін үстел үстіне тәрбиешінің көмегімен құрайды да, тағы бір рет өсімдік бөліктерін атайды. (сенсорика)	(Отырып, тұру) Қызыл, сары, жасыл боп. (Қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	құрастырып көріңдер. (сенсорика)	"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер құрып тұруды, оны кеңейте және кішірейте білуді, өз қимылдарын мәтін сөзіне сәйкестендіруді үйрету. Мөп-мөлдір көпіршік, Қалықта аспанда. Жарылмай ұша бер, Ешкімнен жасқанба! Балалар, баяу артқа қарай шегініп, шеңберді кеңейтеді. "Көпіршік жарылды" сөзіне балалар қолдарын түсіріп, "ш-ш-ш" дыбысын дыбыстайды. (дене шынықтыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу: "Гүл". 1. Жерге дән болып түстім, Әдемі гүлге айналдым. Б. к. толық отыру; 1- қолды жоғары созу, қол белде; 2-б.к. (5-6 рет) 2. Күнге қарай созыламын, Күн нұрына жылынамын. Б. к. қол дене бойында; 1- қолдарды жанымен жоғары,аяқ ұшымен тұру; 2-б.к. (5-6 рет) 3. Жан-жағыма қарадым. Өзіме ұқсас достарды көріп, Қуанып қалдым. Б.к. аяқ алшақ, қол белде; 1- солға қарай бұрылу, оң қолды жанға; 2-б.к. 3-4- дәл солай сол жакқа; (5-6 рет) 4. Көбелектер маған қонады, Тәтті нәрімді алады. Б.к. қол жанда; 1- толық отыру, қол тізеде; 2-б.к. (5-6 рет) 5. Қонақтарға әрдайым. Ашық менің қабағым Б.к. дәл солай; ескіру; (10рет) 6. Тыныс алуға арналған жаттығу: "Гүлдер". 7. Түнде батқанда бәріміз Тәтті ұйқыға батамыз. Б.к. толық отыру, топтасу.				

	(дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Көркем сөз: Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қуаныш шеңбері. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, топтастарға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да, Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір-біріне қарап жымияды) Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қолұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен! (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Қуаныш шеңбері. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. - Қайырлы таң, көздерім (Қабакты сипау) - Сендер ояңдындар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау) - Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау) - Сендер ояңдындар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу) - Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау) - Сендер ояңдындар ма? (Қол шапалақтау) - Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу) - Мен ояңдым! (Басты жоғары көтеру) (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, дене шынықтыру)	"Көбелек қай гүлге қонды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың гүлдер туралы түсініктерін пысықтау; гүлдерді атауға дағдыландыру. Құралдар: қызғалдақ, бақбақ, түймедақ, көбелектің суреттері. Балалар гүлдер жайлы айтады. - Мынау қандай гүлдер алаңқайы? (Түймедақ), - Ал алаңқай ше? (Қызғалдақ). - Балалар, басқа алаңқайға барайық. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Сәлемдесу ойыны: "Менің көмекшілерім". Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	"Бақ-бақ" тыныс алу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың артикуляциясын, тыныс алу мүшелерін дамыту. - Бақбаққа, оның үлпілдек күлтешілерін қозғау үшін үрлендерші, бірақ ұрттарына ауа толтырып алмауға тырысындар. (дене шынықтыру)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Жазғы гүлдер тамаша!" Мақсат-міндеттер: Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жылқы мен бұғы" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні әңгімелеп беру, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын өз ойларымен толық жеткізе білуге; үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алу дағдыларын дамыту; сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу іскерліктерін жетілдіру; өз құрбыларымен тату, достарына адал болуға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Гүл шалғыны" Мақсат-міндеттер: Дала гүлдері туралы ойларын жинақтау; гүлдердің әсемдігіне назарларын аудару; есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Көгалда гүлдер жайқалды..." Мақсат-міндеттер: Гүлдің бейнесін, алақандарын қолданып құрылымы мен пішінін беруді үйрету; балалардың алақанмен сурет салуға қызығушылықтарын ояту; негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; ұсақ қол моторикасын дамыту; зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; сурет салу кезінде бояуларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу; айналадағы табиғатты танып білуге деген қызығушылықтарын ояту.	Музыкадан ойын-жаттығу "Гүлдер мерекесі" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктермен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Өсімдікті қарастыру, гүлдің түсін, пішінін, гүлдерінен басқа оларда не бар екенін сұрау. Балаларды гүлдерді аялауға, баспауға, үлкен гүл шоғын жұлмауға үйрету.	Түймедақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін өсімдіктер: түймедакпен таныстыру. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Негізгі мазмұны: Балаларға түймедақты қарастыруды ұсыну. Түймедақтың түсіне назар аудару: күлтешелері ақ, ортасы сары. Сабағы биік, жапырақтары ұзыншақ келген.	Жолжелкен мен қалақайды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлді өсімдіктермен таныстыру; гүлдерді аялауға тәрбиелеу. Олардың құрылымын талдау, гүлінің пайдасы жайлы айту. Жол бойында өсіп тұрған өсімдіктермен таныстыру. Олардың көбі емдік өсімдіктер: қалақай, жолжелкен. - Балалар, жолжелкен деп	Гүлзардағы гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларда гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту; өсімдіктерге деген қызығушылығын арттыру. Гүлдер әдемі, нәзік, хош иісті, түрлі-түсті, үлкен және кішкентай. Гүлдерден гүл шоғын жасауға болады. "Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалас ойыны. (дене шынықтыру)	Бақбақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларда гүлдеп тұрған бақбақ жайлы қарапайым түсінікті дамыту; өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды гүлдеп тұрған бақбақты танып, атауға жетелеу. Сөздік қорларын сын есімдермен молайту (сары, күн сияқты алтын түстес) өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. Үлбіреген бақ-бақ, Үлпілдеген аппақ. "Уф", - десем, бақ-бақ, Ұшасың ғой қаптап. “Әженің қозысы болыпты” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене

	Көркем сөз. Ерте тұрып күнде, Су құямын гүлге. Жайнайды гүлім, Құлпыртып түрін. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар. "Аттап өт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыштар, қырғыштар, қалыптар. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы" Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін	Көркем сөз. Гүлге айналып құлпырып, Түрлі-түсті бояулар. Киіп сары көйлегін, Бақбақ гүлі оянар. Қалықтайды ұлпасы, Ақ періште сияқты. Нәзік желмен ұшып жүр, Таңғажайып гүл басы. (Д. Қ Бұланбаева) "Тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойынды. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау біліктілігін дамыту; әртүрлі бағытта жүгіру мен еңбектеуді жаттықтыру. "Көлшіктен өт" қимыл жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда тепе-теңдікті, ептілікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту. Еңбек әрекеті: жерге түскен жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, шелектер, қалыптар, жыл мезгілдеріне сәйкес киінген қуыршақтар, машинкалар.	неге атайды? Жұмбақ. Жап-жасыл жапырақ, Ұстасаң шағып алады. (Қалақай) Өзіне шап шақ, Киген қалпағы аппақ, Үлпілдектер тұр қаптап. (Бақбақ) "Масаны ұста" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда қимыл-қозғалыстарын көру белгісімен үйлестіру біліктілігін дамыту. Балаларды секіруге жаттықтыру (бір орында секіру). "Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Шығарылатын материал: күрекшелер, сыпырғыш, зембілдер, қалыптар, қарындаштар, қағаз беттері.	Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. "Құрылысшылар" сюжетті-рөлдік ойыны. Шығарылатын материал, балаларды алмастыру заттарын қолдануды, құмнан құрылыс нысанын жасап, оны ойнауды үйрету. Жеке жұмыс: "Ұқсас гүлді немесе күлтешені тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: гүлдерді ажырата, атай білу қабеліттерн нығайту. (Түймедақ, бақбақ, раушан-гүл). Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені тастардан тазарту. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: балалардың шығарылған материалмен ойындары. Құмды құрылыс және табиғи материалмен үйлесіре білу, қызықты және қиын құрылыс нысандарын тұрғызуға жол береді.	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүруге, жүгіруге, еңбектеп жүруге жаттықтыру. Балалар шеңбер құрып тұрады, тәрбиеші айтады: "Әженің қозысы болыпты. Оның аяғы мынандай болыпты (аяқтарын алға шығарады), тұяқтары мына жерде болды (отырып көрсетеді) т.с.с (мүйізі, құйрығы). Қозының серуендегісі келіп, ол тауды, тасты аралайды (төрт яқтап тұрып, бүкіл алаңқайда жүреді). Әже қозыны үйге шақырады: "Кел, қозы үйге кір, әйтпесе қасқыр жеп кетеді". Тәрбиеші қасқырды келтіреді де, одан қашып кетуді ұсынады. "Көбелекті гүлге қондыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша алаңда жайылып жатқан гүлдердің кескіндеріне бір көбелектің бейнесін түстеріне сай қондыруға дағдыландыру; түстерді қабылдау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Құралдар: негізгі түстерге боялған көбелектер мен гүлдердің қағаздан кескіндері. Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойын жабындысын сыпыру. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойын әрекеті. Құмнан тоқаш жасауды үйрету, таяқшамен құмда сурет салу, доп ойнау. Балаларды тек өз үлескелерінде серуендеуді, ойнауды үйрету. Олардың қозғалыс белсенділігін байқау.
--	---	--	---	--	---

	сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап көріп қана сезіне аласыз! Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы. Балалардың еркін ойындары.				
Серуеннен оралу	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады. (мәдени-гигиеналық дағдыалар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. Көркем сөз: Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табакты. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Мақсат-міндеттер: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру. "Әлди-әлди" әні. Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. (көркем әдебиет)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Оятпақ жаттығулары. "Көңілді аяқтар" Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:				

	Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Мәдени–гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Міне қасық, міне ас, Тамақтантан ешнәрсе қалмас. Тамақты тауысқаннан кейін, үстелден тұру, орындықты жылжыту, алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Гүл шоғын жина" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ бөлшектерден тұтас бейнені құрастыруға тарту. Әр баланың алдында — құмырадағы гүлдердің сұлбасы жатады, жаңында түрлі-түсті гүлдердің сұлбалары жатады, олардың арасынан құмырадағы гүлдердің түстеріне ұқсастарын тандап алып, гүл шоғын жинау керек. Тәрбиеші мен балалар гүл шоғын қарастырады, олардың түсін айтады. Ой, жарайсыңдар, барлықтарын маған көмектестіңдер. Менің әрқайсыларына сыйлықтарым бар. (қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)	"Шөптегі бақбақ" түрту әдісімен сурет салу. Мақсат-міндеттер: балалардың тәстүрден тыс сурет салу техникасын игеру мүмкіндіктерін жетілдіру; бақбақ туралы түсініктерін нығайту. Сурет салу барысында балалар бақбақтың суретін сары бояумен қылқаламды күрт тигізіп, оны бірден көтеріп алу арқылы салады. (сурет салу)	"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды отбасының өмірін шығармашылық түрде көрсетуге жетелеу. Сюжеттегі екі кейіпкердің (анасы, қызы) өзара әрекеттесу іскерліктерін қалыптастыру. Өзара әрекеттесу және бір-бірімен тіл табысу біліктіліктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, сенсорика)	"Ұмытшақ сатып алушы" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың гүл туралы түсініктерін тиянақтау; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сатып алушыға гүл сатып алу қажет, бірақ ол гүлдің атын ұмытып қалыпты. Ол сол гүлді сипаттайды, ал сатушы сипаттамасы бойынша танып, суретін көрсету керек. Барлығын бірге тексереміз - Раушан – бақшада өседі, сабағында тікендері бар, ол қызыл, ақ, сары болады. - Бәйшешек – көктемгі алғашқы ақ түсті гүл, Қызыл кітапқа енгізілген және т.с.с. Құралдары: гүлдердің суреттері. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Гүлдер" музыкалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды музыка ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; эстетикалық сезімдерін дамыту. (музыка)
Балалармен жеке жұмыс	"Гүлдерді тізбекке сал" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерін	"Жазғы гүлдер" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерін жетілдіру.	Суды бақылау. Мақсат-міндеттер: су құйғыштан аққан судың жерге сіңіп, жоғалуын	"Гүлдер" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты	Аула құстарын бақылау. Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары,

	тиянақтау; ойлау, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. - Балалар, бұзық жел гүлдің күлтешелерін жұлып, барлығын шатастырып тастаған екен. - Қане, гүлге күлтешелерін тауып берейік. - Балалар гүлдерді көлемдеріне, құрылымдарына сай, кезектестіріп отырып, тізбек құрайды. <i>Көркем сөз.</i> Қызыл, сары, көк гүлді, Құшағыма жинадым. Кімге сыйласам екен, Бұл әдемі гүл шоғын? Ортада бір бала тұрады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Гүлді қалай өсіру керек, айтып бер!" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: гүлдердің өсу кезеңдеріндегі ретін білуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту. (Тактада гүлді отырғызу кезеңдері бейнеленген карточкалар орналастырады). Құралдары: гүлдердің өсу кезеңдерін сипаттайтын суреттер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	- Балалар, сезесіңдер ме, айналада қандай жағымды иіс? - Бұл ненің аңқыған иісі екен? Жұмбақ: Түсті-түсті, иісі аңқыған, Араларға нәр сыйлаған. (Гүлдер). Әңгімелесуге арналған сұрақтар: - Гүлдер не үшін керек? - Бақша гүлдері қайда өседі? - Бақша гүлдерін атаңдар. - Дала, орман гүлдері қайда өседі? - Дала және орман гүлдерін атаңдаршы. - Бақтағы гүлдерге кім күтім жасайды? - Біз гүлдерге қалай күтім жасаймыз? - Гүлдердің қандай пайдасы бар? - Ал біздің топта дала немесе орман гүлдері өседі ме? - Олар неге солай аталады? (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; судың бұлтта бар екендігіне, жаңбыр болып, жерге тиетініне көз жеткізу; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Гүлдің сабағы" таяқшалармен жаттығуы. Максат-міндеттер: гүлдер туралы білімдерді тиянақтау; ұсақ қол моторикасын дамыту; көзбен көру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. - Балалар, таяқшаларды гүл сабағының орнына орналастырыңдар. Біркелкі гүлдерді тауып, көрсетіңдер. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Біз гүлдерше өсеміз (Саусақтарды жұдырыққа тию) Жапырағы жайқалған, (Алақанды ашу) Сабақтары салалы, (Алақанды ашып, жабу) Желмен бірге ырғалған. (Саусақтарды ары-бері қимылдату) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика)	дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Барельеф тәсілі бойынша мүсіндеу «Әдемі гүлдер». Ермексаздан бөліктер бөліп алыңдар, оларды суретке бастырып, ермексazдың үстіне гүлді қойып, саусағыңызбен мықтап басыңыз. (мүсіндеу)
Серуенге дайындық	Максат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру,	"Біз серуенге қалай киінеміз". Максат-міндеттер: киім-	"Киіну, шешіну". Максат-міндеттер: түймені тағу және ағыту,	Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:	"Тілалғыш түймелер мен баулар". Максат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын

	көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.	кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау. “Бедерлі жолдармен” ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру.	жапсырғыш тағындыларды ашып, жабу біліктіліктерін бекіту, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, киіну бөлмесінде әдептілік ережелерін сақтауды, қажет жағдайда көмек сұрауды, сыпайы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру.	- ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Мақсат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға бейімдеу.	қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Бала үшін қандай спорт пайдалы?" тақырыбына әңгімелесу.	Жеке кеңес: "Сіздің балаңыздың тамақтану мінезі".	"Егер сіздің балаңыз ұяң болса" тақырыбына әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Баланың отбасындағы еңбек тәрбиесі".	Кеңес: "Саябаққа (орманға) ұйымдасқан саяхат кезіндегі табиғатқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу".

